

ЖАҢАША ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Солтүстік Қазақстан облысы, Ғ.Мүсірепов атындағы аудан, Рузаевка селосы

«Калинов орта мектебі» КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Садыкова Асель Нурлановна

Қазіргі заман талабына сай қазақ тілін сапалы меңгерту жаңа технологияларды ұтымды қолданумен

тығыз байланысты. Технология – гректің «шеберлік туралы ғылым» деген ұғымды білдіретін сөзі.

Педагогикалық технология – педагогикалық процесті ұйымдастырудың әдістемелік жобасы. Оқу

процесін іске асырудың мазмұндық техникасы, практика жүзінде іске асырылатын белгілі бір

педагогикалық жүйенің жобасы. Сонда жаңа технология дегеніміз – педагогикалық шеберлікті

жетілдірудің жолдары. Оқыту технологиясы білім берудің тиімді жолдарын зерттейтін ғылым ретінде

сипатталады. Сабақ барысында белгілі бір технологияны қолдану арқылы мұғалім жоғары нәтижеге

жетуді мақсат етеді. Бұл әрбір мұғалімнің еңбектенуіне, шеберлігіне тікелей әсер етеді.

Шеберлік бірден

пайда болмайды. Ол қаншама жылдар өткеннен кейін үлкен ізденіс пен орасан зор еңбектің арқасында

келеді. Шебер мұғалім ізденіс үстінде жүреді. Ізденістің арқасында ғана үлкен жетістіктерге қол

жеткізеді. Шындығында, сабақ барысында жаңа технологияларды қолдану арқылы да, қолданбай да

жоғары нәтижеге қол жеткізуге болады. Мәселен, әр мұғалім сабақты дұрыс әрі жүйелі ұйымдастыра

білсе, нәтижесі де жақсы болады. Дегенмен мұғалім оқушының сабақтағы

белсенділігін, сабаққа деген

қызығушылығын әдіс-тәсілдерді ұтымды және орынды қолдана білу арқылы оятады.

Оқытудың тәжірибеде бар технологияларына проблемалық оқыту (Дж.Дьюи,

М.Махмутов), бағдарламалық оқыту (В.Беспалько, И.Самарин), саралап жекелеп оқыту

(М.Унтт), дамыта оқыту (В.Давыдов, Б.Эльконин, Л.Занков), ұжымдық оқыту (),

қашықтықтан оқыту ()

тәрізді түрлері жатады. Жалпы, қазіргі білім беру үдерісінде 50-ден астам

педагогикалық технология

қолданылып жүр.

Жиі қолданылып жүрген оқыту технологиялары:

1) Дебат технологиясы (К.Поппер)

2) Бағдарламалық (компьютерлік) технология (В.Беспалько, И.Самарин)

3) Топтастыру технологиясы (В.Дяченко)

4) Ұжымдық оқыту технологиясы

5) Дамыта оқыту (проблемалық оқыту) технологиясы (В.Давыдов, Б.Эльконин, Л.Занков, И.Менчинский)

6) Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы (Ж.Қараев)

7) Сын тұрғысынан оқыту технологиясы

8) Ізгілендіру технологиясы (Ш.Амонашвили)

9) Ойын технологиясы

Қазақ тілін жаңаша оқыту бастауыш оқушыларының танымдық қабілеттерін ұштастыруға, қарым-

қатынас жасауға тәрбиелік ықпалын тигізеді.

Қазақ тілін жаңаша оқыту сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының мектеп оқушыларымен қарым-

қатынас жасауы барысында салт-дәстүрлерге, ұлттық мейрам, Наурыз мерекесіне байланысты, ұлттық

ойындарды меңгерту әдістемелеріне қатысты мәліметтер қарастырылады.

Жаңаша оқыту арқылы берілген мәтіннің көмегімен еліміздің егемендік алуы, тіл мәртебесінің

жоғарылауы, тарихи тұлғалар туралы танымы артады. Жаңа сөздер мен қиын ұғымдарды тез түсініп, оны

тиянақты меңгереді.

Жаңаша оқыту әдіс-тәсілдері бастауыш сынып оқушыларының жаңа сөздерді меңгерту әдіс-тәсілдерін

есте сақтауына, олармен жұмыс істеуіне жеңілдік тигізеді. Бастауыш сынып оқушылары осы жаңаша

өтілген сабақтарда қажетті лексиканы естеріне сақтап, практика жүзінде қолдана алады. Сабақты жаңаша

оқытуда бастауыш сынып оқушыларының жаңа материалды тыңғылықты меңгеруге ынтасы артады.

Қазақ тілінен білім беруде, сарқылмас бай әдеби мұраларын меңгертуде жаңаша оқытудың тәрбиелік

маңызы зор. Ағартушы педагог Жүсіпбек аймауытов: «Тәрбиеден мақсұт-баланы тәрбиелеуде дәл

өзіндей қылып шығару ғой» деп көрсеткендей, тәрбие беруде оқушының өз-өзін танып шығу ғана емес,

келешек өмірге қажетті тәрбие алып шығуы да баасты мақсат болмақ. Ол қандай тұрғыда байқалады

десек, оқушының таным қабілеті тереңдеп, өз бетімен тақырыпты меңгеру арқылы ой топшалап, өз ойына

қорытынды жасай алуы, қолданып отырған мәтіннен алған ойын, бітімін тиянақтап, болашақта қолдана

алуы деп топшалаймыз.

Қазақ тілін жаңаша оқыту әдістемесі бастауыш сынып оқушыларының пәнге деген құштарлығын,

қызығушылығын арттырады.

Технологиялық карталар оқушылардың таным әлемін кеңейтуге көмегі бар оқытудың түрі. Қазақ тілінде

сөйлесу дағдыларын меңгертудің қолдану аясын түсінбегендіктен оқушылар оны тез ұмытып қалады.

Міне, осы тұрғыдан келгенде бастауыш сынып оқушыларына қазақша сөйлеуге үйретуді меңгерту әдіс-

тәсілдерін естеріне сақтауда, оларды қолдана білуде тенологиялық картаның рөлі зор.

1-4 сынып

оқушысы жүйеленген сөздерді елемес бұрын толтырылған картаға таңданыспен

қарайды, назарын сол

сызбаға аударады. Екіншіден барып ішіндегі сөздерді оқи бастайды. Әрине сөздің

мағынасын түсіндіруге

талпыныс білдіреді. Осы арқылы танымы оянады. Бастауыш сынып оқушысының

өзіндік жұмысына жол

ашылады.

Жаңаша оқытылатын қазақ тілінің тәрбиелік негізін педагог-ғалым М.Арын сөзімен

былайша

қорытындыласақ орынды болар: « оқыту барысында ол өзінің ұясын тапқан құс

сияқты өзінің жерінде,

елінде, өзіне тән үлкен тарихи қоғамдық ортада жүргенін сезінеді.

Шешім: жаңаша оқыту арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру.